



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1995 жылғы 1 наурыз N 2063. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.10. N 2600 Жарлығымен. ~U952600

1. Осыған қосылған Қазақстан Республикасының Президенті

жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1817 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1995 жылғы 1 наурыздағы
N 2063 өкімімен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Шаруашылық басқармасы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы (бұдан былай - Шаруашылық басқармасы) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 қазандығы N 1884 өкімімен Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетінің Шаруашылық басқармасы негізінде құрылған және Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының дербес құрылымдық бөлімшесі болып

табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетінің Шаруашылық басқармасының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады.

2. Шаруашылық басқармасы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен шешімдерін, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарды, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Шаруашылық басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның дербес балансы, банкілерде шоттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі, басқа да мөрлөрі мен штамптары болады.

Шаруашылық басқармасының орталық аппараты бюджеттік қаражат есебінен ұсталады.

4. Шаруашылық басқармасы Республика Президентінің, Вице-Президентінің, Премьер-Министрі мен оның орынбасарларының қызметін қамтамасыз етеді, Жоғарғы Кеңестің Төрағасы мен оның орынбасарларына, мемлекеттік кеңесшілерге, Қазақстанның, Қыргызстан мен Өзбекстанның Мемлекетаралық кеңесі атқару комитетінің төрағасына, Үкімет мүшелеріне, Президент Аппаратының, Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметкерлеріне, Конституциялық соттың, Жоғарғы соттың, Жоғарғы төрелік соттың төрағаларына, Бас прокурорға, Ұлттық Банктің төрағасына, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне, мәртебесі бойынша Үкімет мүшелеріне теңестірілген республикалық ұйымдардың (бұдан былай - қызмет көрсетілетін органдар) басшыларына шаруашылық қызметін көрсетуді жүзеге асырады.

5. Шаруашылық басқармасының негізгі міндеттері:

қызмет көрсетілетін органдарға қаржылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

ресми шаралар мен делегацияларға, соның ішінде шет елдік делегацияларға қызмет көрсету;

шаруашылық басқармасы ұйымдарының балансындағы негізгі қорларды (мемлекеттік резиденцияларды, мемлекеттік саяжайларды, мейманхана кешендерін, өндірістік және ауыл шаруашылық объектілері мен басқа да ғимараттарды) пайдалану және оларды жөндеу;

ауыл шаруашылық (егін, мал және бау-бақша шаруашылықтары) өнімін өндіру, ұқсату және өткізу;

тұрғын үй, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер, өндірістік үйлер мен ғимараттар салу;

өзіне бекітілген аумактар мен жерлердегі флора мен фаунаны қорғап, ұдайы көбейте беру;

Қазақстанға келген шет ел азаматтарына қызмет көрсету;

қарамағындағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен сауықтыру лагерінің қызметін ұйымдастыру.

6. Шаруашылық басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге басшылық етіп, олардың жұмысын үйлестіреді;

респубикалық бюджеттің қаражаты есебінен шығыс сметаларының жобасын әзірлейді, қызмет көрсетілетін органдарда, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде осы қаражатты жұмсау лимиттерін белгілейді, бұл шығындарды қаржыландастырады;

қызмет көрсетілетін органдарды белгіленген тәртіп бойынша автокөлікпен қамтамасыз етіп, оны жөндеуді ұйымдастырады;

белгіленген көрсеткіштер бойынша тапсырмаларды қарап, бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер көрсететін қызметтің бағасын белгілеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

қурделі құрылыштың, қурделі жөндеудің ағымдағы және келешектегі бағдарламаларын, жобалау-смета құжатнамасын қалыптастырып, бекітеді, қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің объектілерін салуды, қайта құруды және жөндеуді ұйымдастырады, тұрғын үйлерді, әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалап, салуды қамтамасыз етеді;

қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың материалдарға, жабдықтарға, мәшинелерге, механизмдерге деген қажетін қарап, анықтайды, салынып жатқан объектілердің материалдық-техникалық жабдықталуы мен жинақталуын ұйымдастырады, материалдық ресурстарды қайта бөледі;

өз қызметі нәтижелерінің есебін жүргізеді, жедел, бухгалтерлік және статистикалық есепті жүзеге асырады, қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде есепке алу мен есеп берудің жайын бақылайды;

бухгалтерлік есептің ұтымды ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді және Қаржы министрлігіне бухгалтерлік баланстар мен шығыс сметасының атқарылуы жөніндегі есептерді, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жиынтық бухгалтерлік баланстары мен есеп-қисабын белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді;

қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіне

тексеріс жасап, құжаттық тексеру жүргізеді;

Шаруашылық басқармасының қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының басшылығына енгізеді;

занды ұйымдар мен жеке тұлғалардан қажетті мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шарттар негізінде сатып алады;

қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың пайдасынан аударымдар есебінен резервтік қор құрады, оның қаражаты қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге қаржылай жәрдем беруге, Шаруашылық басқармасының балалар мекемелерінің қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларға, ұйымдарда енгізілетін прогресті шараларды қаржыландыруға, оларды дамыту шараларын жүзеге асыруға, Шаруашылық басқармасының және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерін материалдық көтермелеге, сондай-ақ басқа да мақсаттарға жұмсалады;

банкілер мен басқа да кредиттік мекемелердің депозит шоттарына ақшалай (соның ішінде валюталық) уақытша бос қаражатты сақтайды;

қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер шет ел валютасымен есеп айырысып жүзеге асыратын жұмыстарды (қызметтерді) орындау тәртібін белгілейді, жасасқан шарттардың орындалуын бақылайды;

жұмысшылар мен қызметшілерге тиісті тұрмыстық жағдай жасау және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда еңбек зандарының, еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерінің қатаң сақталуын, ұжымдық шарттардың уақтылы жасалуын және олардың орындалуын бақылайды;

негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында сыртқы экономикалық және коммерциялық қызметті жүзеге асырады, қазақстандық және шет елдік фирмалармен, компаниялармен бірлескен кәсіпорындар құрады;

Үкімет мүшелері мен Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының және Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметкерлерін тұрғын алаңмен қамтамасыз ету мәселелерін белгіленген тәртіп бойынша шешіп, пәтер алуға арналған құжаттарды ресімдейді.

7. Шаруашылық басқармасының мүлкі мен қаражаты оның балансында бейнеленген және оған бекітілген негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде қуралатын қорлардан тұрады.

8. Шаруашылық басқармасы қаражатының негізгі көздері:

респубикалық бюджеттің қаржысы;

қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің табысынан

резерв қорына жасалатын аударымдар;

басқа да түсімдер.

Шаруашылық басқармасының тиісті шоттарына аударылатын барлық ақшалай қаражат белгіленген тәртіп бойынша жұмсалады.

9. Шаруашылық басқармасын Бастық басқарады, оны Қазақстан Республикасының Президенті тағайындейдь.

Шаруашылық басқармасының бастығы сонымен қатар Президент Аппараты Басшысының орынбасары болып табылады.

Шаруашылық басқармасы Бастығының төрт орынбасары болады, оларды Президент Аппаратының Басшысы тағайындейдь.

10. Шаруашылық басқармасының Бастығы:

Шаруашылық басқармасының жұмысын жеке-дара басқару негізінде ұйымдастырады, оның жұмыс нәтижесі, өндірістік, қаржы, шарт және еңбек тәртібінің жайы үшін дербес жауап береді, Шаруашылық басқармасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

Шаруашылық басқармасының құрылымы мен штат кестесін қызметкерлердің белгіленген штат саны шегінде бекітеді;

Шаруашылық басқармасының қызметкерлері мен қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларын тағайындейдь және босатады;

өз орынбасарлары арасында лауазымдық міндеттерді бөліп береді;

Шаруашылық басқармасы бөлімдерінің, секторлары мен басқа да құрылымдық бөлімшелерінің міндеттерін анықтайдь;

Шаруашылық басқармасының бөлімдері, секторлары және басқа бөлімшелері туралы ережелерді, қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жарғыларын (ережелерін) бекітеді;

Шаруашылық басқармасы қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық беру тәртібін белгілейді, өзгертуеді және жояды;

белгіленген тәртіп бойынша бекітілген шығыс сметалары шегінде мүлік пен ақшалай қаражатқа билік жүргізеді, қолда бар қорларды пайдалану мәселелерін Қазақстан Республикасының зандары мен осы Ережеге сәйкес шешеді;

күрделі құрылышқа, қайта құру мен күрделі жөндеуге арналған сметаларды, жобаларды, титулдық тізімдерді белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

шарттар, контрактылар жасасады, шаруашылық операцияларын жүргізеді, сенімхаттар береді;

мейманхана кешендерін, саяжайлар мен балалар мекемелерінің жұмыс тәртібін белгілейді;

мейманхана кешендеріне, саяжайларға жолдамалардың бағасын,

Шаруашылық басқармасы мен қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындайтын жұмыстардың (көрсететін қызметтердің) тарифтерін бекітеді;

қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қайта құру, басқа кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді Шаруашылық басқармасының құрамына қосу, бірлестіктер, филиалдар, шет елдердің заңды ұйымдары қатысатын бірлескен кәсіпорындар құру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды Президенттің Аппараты мен Министрлер Кабинетіне белгіленген тәртіп бойынша енгізеді;

қолданылып жүрген заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулылары, Министрлер Кабинетінің қаулылары мен Премьер-министрінің өкімдері негізінде және оларды орындау үшін өз құзыры шегінде бүйрықтар мен өкімдер шығарады, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар береді; барлық мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық және басқа

ұйымдар мен мекемелерде Шаруашылық басқармасының мұддесін білдіреді;

Шаруашылық басқармасының, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен шаруашылықтардың баланстарынан негізгі қорларды белгіленген тәртіп бойынша есептен шығарады;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен шаруашылықтардың штат кестелері мен шығыс сметаларын келіседі.

11. Шаруашылық басқармасын Қазақстан Республикасының Президенті қайта құрады және таратады.